

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

2019 жылғы «11» желтоқсан

Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 1 наурыздағы №391 «Ақтөбе қаласында қалалық жедел шұғыл медициналық көмек бекетін салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы №5 «Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17318 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 25 қарашадағы №13 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 1 наурыздағы №391 «Ақтөбе қаласында қалалық жедел шұғыл медициналық көмек бекетін салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

Осы шешімге қосымшаға сәйкес, жоғарыда көрсетілген шешімге қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ж.МҰХАМБЕТПАИЗОВА

С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА

«Ақтөбе қаласында қалалық жедел шұғыл медициналық көмек бекетін салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2019-2023 жылдарға арналған мемлекеттік міндеттемелер

Функционалдық топ					Сомасы(теңге)	соның ішінде жылдарға				
Функционалдық кіші топ						2019	2020	2021	2022	2023
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі								
		Бағдарлама								
		Атауы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
13				Басқалар	2 075 891 266	594 594 600	540 339 449	496 127 343	388 459 400	56 370 474
	9			Басқалар	2 075 891 266	594 594 600	540 339 449	496 127 343	388 459 400	56 370 474
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 075 891 266	594 594 600	540 339 449	496 127 343	388 459 400	56 370 474
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 075 891 266	594 594 600	540 339 449	496 127 343	388 459 400	56 370 474
				соның ішінде:						
				«Ақтөбе қаласында қалалық жедел шұғыл медициналық көмек бекетін салу және пайдалану»	2 075 891 266	594 594 600	540 339 449	496 127 343	388 459 400	56 370 474